

Қозғамбаева Г.Б.¹

*¹ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru*

СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Мақалада Түркістан республикасының оқу ағарту саласын дамытудағы С.Қожановтың ағартушылық қызметі қарастырылған. Сұлтанбек Қожанов ХХ ғасырдың 20-жылдарында Түркістан республикасы мен Қазақ АССР-де білім мен оқу-ағарту саласын дамыту және мәдениетін көтеруде көп іс тыңдырды. Оның Халық ағарту комиссариаты қызметі барысында халыққа білім беру жүйесін түбегейлі қайта ұйымдастыру, мектептерді оқытушы кадрлармен қамтамасыз ету, мектептер мен басқа да балалар мекемелерінің материалдық базасын нығайту бойынша қиын жұмыстарды жүзеге асырылды. С.Қожанов кеңес мектебін құру жолында кездескен кедергілер мен кемшіліктерге жол берілгеніне қарамастан, елде сауаттандыру жұмысы бойынша көп жұмыстар жүргізіп, белгілі бәр нәтижеге жете білді. С. Қожанов азаматтықтың, халыққа қызмет студия асқан үлгісін көрсетіп, елінің есінде қаларлық талай тарихи жұмыстардың басы-қасында жүрді. Ол Халық-Ағарту комиссары ретінде «Ақ жол» газетіне ғана емес, республикада баспасөз және баспасөз ақпарат құралдарының дамуына ерекше көңіл бөлді.

Кілт сөздер: ұлт зиялылары, оқу ағарту, білім беру, ағартушылық қызметі, мектеп.

Kozgambayeva G.B.¹

*¹al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru*

EDUCATIONAL ACTIVITIES OF SULTANBEK KOZHANOV

Abstract

The article discusses the educational activities of S. Kozhanov in the development of education in the republic. At the 20 years of the twentieth century S. Kozhanov was appointed People's Commissar of Internal Affairs of the Turkestan ASSR and the People's Commissar of Education of the Turkestan ASSR. During its activity the People's Commissariat of Education undertook a comprehensive work on the radical reorganization of public education, providing teachers with teaching staff and strengthen the material base of schools and other children's institutions. Despite the obstacles and shortcomings that arise on the way to creating a school, S. Kozhanov did a great job in the field of education in the republic and achieved results. In the field of education, he advocated teaching in the language of the local population. He was the organizer of the creation and publication of the "Ak Zhol" newspaper and the first editor of this newspaper. He made a significant contribution to the development of the press in the republic.

Key words: national intelligentsia, education, upbringing, educational activities, school.

Козгамбаева Г.Б.¹

*¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru*

ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СУЛТАНБЕКА КОЖАНОВА

Аннотация

В статье рассматривается просветительская деятельность С.Кожанова в развитии образовательной сферы Туркестанской республики. В 20-х годах ХХ века Султанбек Кожанов проделал огромную работу в области просвещения и повышения культуры в Республике

Туркестан и Казахской АССР. В ходе его деятельности в составе комиссариата народного просвещения была проделана сложная работа по кардинальной реорганизации системы народного образования, обеспечению школ преподавательскими кадрами, укреплению материальной базы школ и других детских учреждений. Несмотря на многие препятствия и недостатки, возникающие на пути к созданию школы, С.Кожанов добился хороших результатов в области просветительской деятельности в республике. С. Кожанов продемонстрировал высокий уровень гражданственности в служении народу, провел немало исследований по изучению исторической составляющей родного края, которые запомнились своей стране. Он, как народный комиссар просвещения, уделил особое внимание не только газете «Ак жол», но и развитию печатных изданий средств массовой информации в республике.

Ключевые слова: национальная интеллигенция, образование, воспитание, просветительская деятельность, школа.

XX ғасырдың 20 жылдарында ұлттық-демократиялық қазақ зиялылары бүкіл қазақ халқы атынан іс-қимыл жасай отырып, елді экономикалық және рухани дағдарыстан шығару жолын іздестірді және өз халқының мемлекеттілігін қалпына келтіріп, қазақтарды жалпы азаматтық қазыналармен таныстыруға ұмтылды. Бірақ билік басындағы Кеңес өкіметі кезінде көп уақыт бойы отандық тарихта орныққан таптық көзқарас пен қағида XX ғасырдың 20-30 жылдары республикада мәдени, оқу-ағарту салалары және оны дамыту мәселелерімен айналысқан сол кездегі Алаш қайраткерлері мен қазақ зиялыларының қызметін объективті зерттеуге кедергі жасады. Қазақстанның тәуелсіздік алуы Отан тарихындағы тарихи ақтандықтарды зерттеуге жол ашылып, Алаш қайраткерлері мен ұлт зиялыларының қоғамдық саяси өмірі мен мәдениет пен оқу-ағарту салаларын дамытуда атқарған қызметін жан-жақты зерттеу жолға қойылды.

Кеңестік билікке дейін және кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында-ақ көзі ашық көкірегі ояу қазақ зиялылары республикадағы халықты сауаттандыру, халық ағарту ісі мен мәдени тұрғыдан жұмыстарын жүргізуге ерекше мән берген. Оқу-ағарту мен мәдени салаланы дамытуға күш салған алаш қайраткерлері мен ұлт зиялылары 1917 ж. төңкерістерінен кейін Ә. Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Қ. Болғанбаев, Қ. Кеменгеров, т.б. кеңестік биліктің қазақ қоғамын жаңалау саясатында ұлттық мүдде үшін күрес жүргізді. Өлкедегі мұсылмандық қозғалыстың бастауында М. Шоқай, С. Лапин сияқты қайраткерлер тұрды. Олардың тікелей араласуымен құрылған Түркістан мұхтариаты Уақытша үкіметінің басшылық құрамына қазақ зиялылары енді, ал кеңестік билік құрылымдарына да қазақтың зиялы қауым өкілдері де белсене араласқаны белгілі.

Ал, XX ғасырдың 20 жылдары Түркістанның жергілікті халықтары арасынан шығып, биліктің жоғары эшелонына араласқан қайраткерлер қатарында Т. Рысқұлов, С. Сегізбаев, Н.Төрешұлов, С.Кожанов және т.б. ұлтжанды тұлғалар болды. Бұл тұлғалардың көпшілігі XX ғасырдың 30-жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болғандықтан, олар туралы жан – жақты терең ғылыми зерттеулер 80-жылдардың ортасына қарай жүргізілді. Саяси қуғынға ұшыраған түркістандық қайраткерлердің арасында көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлерін зерттеу қолға алынды. Сондай тұлғалардың бірегейі С.Кожанов туралы да зерттеулер жүргізілі.

Ташкент қаласындағы мұғалімдер семинариясының түлегі, өлкелік биліктің жоғары эшелонында қызмет істеген С. Қожановтың қоғамдық қызметіне қатысты Р.Я.Раджапова, С.Тілеуқұлов, Р.Бердібай, А.Арапов, Т.Қожақеев, Ә.Тәкенов, М.Қойгелдиев, Қ.Ергөбек, Б.Қойшыбаев, Ж.Әлмашұлы, Х.Тұрсұн, Ж.Симтиков және т.б. тарихшы, әдебиетші ғалымдардың еңбектері жарық көрді. С.Кожанов Ташкент қаласындағы үш жылдық мұғалімдер семинариясында оқып аяқтағаннан кейін, жолдамамен Әндижан уезіндегі мектепте 1 жыл көлемінде мұғалім болып, одан кейін туған жеріне келіп ауыл мектебінде жұмыс істейді. Оның білім беру мен ағартушылық қызметінің бастауы қарапайым мұғалім ретінде мектепте білім беруден бастау алады.

Сұлтанбек Қожанов XX ғасырдың 20-жылдарында Түркістан республикасы мен Қазақ АССР-і еңбекшілерінің сауатын ашып, білім мен оқу-ағарту саласын дамыту және мәдениетін көтеруде көп іс тыңдырды.

Қазақ даласы мен Түркістанда билік басына келген кеңес өкіметі, патшалық Ресей империясы кезіндегіден де күшті диктатураның, бюрократиялық жүйенің орнауына әкелді. Мемлекеттік түрге оранған революциялық зорлық-зомбылық жаңа қоғамдық қарым-қатынасты енгізді. Бірақ кеңестік билік енгізген жаңа білім саясаты білім саласында біршама модернизациялау принциптеріне жауап беретін мәселелерді шешуге ықпалы болды. Сондай принциптерге мысалы,

білім саласында таптық артықшылықтарды жою қажеттілігін талап ету, жалпы сауатсыздыққа жол бермеу, діни ұйымдар мен оқу орындарын мемлекеттен ажырату, мектеп жасындағы балалардың барлығын мектеппен қамтамасыз ету және т.б. Шіркеуді мектептен ажырату туралы декретке сәйкес мектеп бағдарламасы-нан барлық дін сабақтары алынып тасталды, кейіннен педагогикалық кеңестер мүшесі ретінде қызмет атқаратын барлық діни қызметкерлер жұмыстан шығарылды. Қазан төңкерісінен кейін мектеп ісінің көптеген прогрессивтік қадамдары тоқтап қалды. Большевиктер үкіметі революцияға дейінгі білім беру мекемелерінің құрылымын жойып, халыққа білім берудің социалистік желісін қалыптастыра бастады, оқу-тәрбие жұмыстарын терең саясаттандыру жұмыстарын жолға қойды [1, 128б.].

Барлық ескі әдістегі мектептердің барлығына алғашқы шара ретінде жаңа әдістегі білім беру мектебіне көшу ұсынылды. Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдарынан бастап С.Қожанов халқының мүддесі, үшін қызмет еткен тұлғалардың бірі. Қазақ оқығандары өнер білім тарату ісіне ерекше мән берген, бұл салаға жаның салған, жалынын жұмсаған. ... Өздері осы ігі де ізгі жұмыстың әрі ұйымдастырушысы, әрі тікелей жүзеге асырушысы болған. Біздегі оқу – ағарту майданының қайраткерлері қатарында, бұл саладағы ірі тұлғалардың тобында С.Қожанов та тұр. Ол 20 –шы жылдарда Түркістан республикасы мен Қазақ АССР-і еңбекшілерінің көзін ашып, санасын оятуда, сауаттандырып, мәдениетін көтеруде көп іс тындырғандардың бірі[2,110б.].

Сұлтанбаектің оқу, оқыту және тәрбие ісімен шұғылдануына екі түрлі себеп болған. Біріншіден қызмет бабы, лауазымы, яғни Түркістан Орталық атқару комитетінің орынбасары, төрағасы, сол республика Орталық партия комитетінің хатшысы, БК Орталық комитетінің нұсқаушысы, Орта Азия Бюросының үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары болуы оның халық ағарту ісімен тынбай шұғылдануын, ұйымдастыру жағынан басшылық етуін қажет еткен. Екіншіден, «Бірлік туы», «Ақ жол» газеттеріне редакторлық етуі, Орта Азия политехникалық институтының директоры болуы оның жалпы жұртты, студент жастарды оқытып, тәрбиелеумен тікелей айналыстырған[3,123б.].

Түркістан Орталық Атқару Комитеті кеңесінің 1922 жылы 31 тамыздағы жиналысында С.Қожанов Халық ағарту халық комиссары болып бекітілді. 1922 жылы желтоқсан айының басында өткен Түркістан Республикасы Кеңестерінің XI съезі өтеді. Съезде С.Қожанов басқарған Халық ағарту халық комиссариатының осы саланы одан әрі дамытудың жылдық бағдарламасы қаралды. Түркістандағы оқу-ағарту ең күрделі шешімін таппаған салаға айналды. С.Қожановтың жасаған баяндамасында Түркістан Республикасының мәдени-ағарту мекемелері 1921 жылы өздеріне бөлінуге тиісті қаржының төмендегі мөлшерімен ғана қанағаттандырылған: интернаттарды киім-кешекпен жабдықтау үшін берілетін ақша – 5%, аяқ киімге – 3%, жазу-сызу құралдарына – 1% , кітапханаға арналған, кітаптарға мүлдем жоқ, отынға–0,5%, азық-түлікке – 60%, оқулықтарға – 10%, мектепке қажетті құрал-саймандарға – 3% шамасында делініп, мектеп ісіндегі, оқыту жұмысының олқылықтары мен тұрмыс қиыншылықтарына тоқталады .

Съезден кейін халық-ағарту ісіне мемлекеттік бюджеттің 30% дейінгі, ал жергілікті бюджеттің 24% -на дейінгі бөлігін босатуға шешім қабылдайды [4, 103б.]. Алайда үкіметтің орасан зор күш-жігер жұмсауына қарамай-ақ, республикада оқу-ағарту ісінің жағдайы аса ауыр халде еді. Мәселен, оқу құралдарының жетіспеушілігі жергілікті халық арасында, соның ішінде қазақ мектептеріндегі білім беру ісін едәуір тоқтатты. 1923 жылы күзде Түркістан Республикасында сауатсыздықты жою мектептерінің саны үздіксіз өсіп, 1 қазанда – 124, 1 қарашада – 235, желтоқсан айының басында – 317, 1 ақпанда – 367-ге жетеді. Жергілікті тұрғындар балаларына арналған I және II сатыдағы мектептер, балалар үйлері, интернаттар және басқа да мекемелер тез көбейе бастады. 1924 жылы барлық мектепте оқитын балалардың 63,3% және 1925 жылы 58,3% жергілікті ұлт өкілдері болды. Үкіметті басқарған қазақ зиялылары жыл сайын мектептерді ана тіліндегі оқулықтар, оқу бағдарламалары, жоспарлар мен көмекші құралдармен қамтамасыз ету қорларын толықтырды. Бөлінетін қағаз, баспа құралдары қоры ұлғая бастады, бұл қазақ мектептерін және басқа да оқу орындарын оқулықтар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, дәптерлер, кеңсе-мектеп құралдарымен қамтама-сыз етуге мүмкіндік берді. Бірақ, қазақ тілінде шығарылған оқулықтар жеткіліксіз еді, бұл кемшілік қазақ тіліндегі авторлық, құрастыратын ұжымның аздығымен түсіндірілді. 1924-1925 жылдары Түркістандағы қазақ мектептерінің күрт өсуі мектеп әдебиеттерін одан әрі басып шығаруды талап етті. Мемлекеттік Ғылыми кеңестің алдында ұлттық оқулықтар құрастыру мен орталықтан алынған мектеп әдебиетін қазақ тіліне аударуда үлкен міндет қойылды. Кеңес мемлекеті мектептерді оқулық-тармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етуде, оларды жөндеу мен жаңа мектептер салу мен оларды құрал-жабдықтармен толықтыруға ерекше назар аударды. Түркістан коммунистік партиясы ОК-нің басшылығымен 1924-1925 оқу

жылына мектептерді дайындау мен ағарту апталығын өткізу жөніндегі жұмыстары мектеп ғимараттарына жөндеу жұмыстарын табысты жүргізуге пайдаланылды [5, 91 б.].

Сұлтанбек Қожанов Халық-ағарту Халық Комиссары және Түкістан Орталық Атқару Комитетінің Кеңестерінің төрағасының орынбасары ретінде республиканың экономикасы үшін білікті мамандар даярлау ісіне де көп көңіл бөлді. Республикаға халық шаруашылығының түрліше салалары үшін техникалық мамандар жетіспейтін. Техникалық білімді қажет ететін салаларда жергілікті халықтың өкілдері аз еді. С.Қожанов негізгі көңілді осы бағытқа бөлді. Республикада көптеген техникалық арнаулы оқу орындары ашылып, онда жергілікті халықтың өкілдері көптеп қабылданды. Мысалы, 1922 жылдың басында республикада 32 техникалық және техника экономикалық арнаулы орындарындағы 3170 оқушының небәрі 200-і ғана жергілікті халықтың өкілдері болатын. Осы кемшіліктердің орнын толтыру үшін 1922 жылдың екінші жартысынан бастап 1923 жылдың өн бойында оқу орындары мен мекемелердің жанынан көптеген мектептер мен арнайы курстар ұйымдастырылды. 1923/24 оқу жылында республикалық жергілікті шаруашылығы үшін 150 адамдық кооперативтік, 100 адамдық су шаруашылығы мамандығы бойынша, Халық Шаруашылығының Орталық Кеңесі жанынан - 100 адамдық, Орталық Есептеу басқармасы жанынан - 100 адамдық арнайы курстар ашылды [6, 86б.].

Кеңес мектебін құру жолында үлкен кедергілер кездесті, жекелеген қателіктер мен кемшіліктерге жол берілді. Мектептерде сабақтың уақытылы басталмауы, олардың Түкістан республикасында біркелкі орындастырылмауы, кейбір мектептерде ескі оқулықтардың пайдалануы секілді жағдайлар байқалды. Шеберханаларды жабдықтаудың қиындығына байланысты көп мектептерде қол еңбегі енгізілмеді. Жергілікті халық мектептерінде салт-дәстүрге байланысты осы кезеңде бірігіп оқытуды жүргізу мен мұсылман діні сабақтарын толығымен алып тастау мүмкін болмады. Түкістан АКСР-ның Халық ағарту комиссариатының 1918 жылғы 14 желтоқсандағы өкімімен түрлі училищелер, шіркеу, орыс-түзем, орыс-еврей және басқа да мектептер жойылып, олардың орнына кеңестік мектеп үлгісінің алғашқы түрі «Бірыңғай еңбек мектебі» құрылды.

Түкістан Республикасының үкіметінде қызмет атқарған қазақ зиялылары мектептерде оқытудың ана тілінде жүргізілуіне шешуші маңыз берді. Өйткені Түкістандағы жергілікті ұлт зиялылары ана тілді көтеру арқылы ұлттық мәдениетті көтеруге тырысты. Түкістан Коммунистік партиясының 1-съезінде алға қойылған бүкіл республикада жергілікті халықтың тілі – түрік тілін мойындау жөніндегі шаралардың негізінде әзірленген «Түкістан автономиялық республикасының аумағында мемлекеттік тілді енгізу туралы» Ережеде, I саты мектептерінде оқыту орыс және мемлекеттік тілдерімен қатар, ана тілінде де жүргізілетіндігі көрсетілді. Осы Ережені басшылыққа ала отырып, 1918 жылы 12 желтоқсанда Халық Ағарту комиссариаты «Ұлт мектептерінде оқытын балаларға ана тілінде білім алу құқын беру туралы» қаулы шығарады [7, 96 б.].

Халыққа білім беру органдары мектеп жасындағы балаларды толықтай мектеппен қамти алмады. Осындай қиындықтармен жан аямай күресе отырып С.Қожанов басқарған Оқу-ағарту халық комиссариаты оқу-ағарту ісін одан әрі ерекше жігермен дамыта білді. Ол туралы архив материалдары бойынша Қ. Симтиковтың еңбегінде : «1923 жылы 13-қаңтарда ТКП Орталық Комитеті атқару бюросының мәжілісінде С.Қожанов халық-ағарту жұмысы жөнінде баяндама жасап, соған сәйкес жиналысқа қатысқандар «орыс тілі оқыту тілі ретінде тек орта және жоғары оқу орындарында әрі ана тілінде оқыту мүмкіндігі жоқ болған жағдайда қолданылсын» , «алғашқы үш жылда оқыту тек ана тілінде жүргізілсін» , - деген қаулы қабылдады» [6, 91 б.] деген мәліметтер береді. Бұл мәліметтен біз, С.Қожановтың оқу-ағарту саласындағы жұмысында да білім беруді ұлттық тілде жүргізу мәселесін көтеріп, халқының болашағын ойлаған ұлтжандылығын аңғарамыз.

Түкістандағы қазақ зиялыларының қоғамда болып жатқан саяси және мәдени оқиғаларды жіті бақылап, оған өздерінің ой-пікірлерін білдіріп, жан-жақты талдауларын жүргізді. Мұстафа Шоқай, Сұлтанбек Қожанов және тағы басқа да қазақ зиялылары мен қайраткерлері жұртшылыққа большевиктердің жасаған қылмыстарын баспасөз беттерінде, соның ішінде «Бірлік туы» газетінде дәлелдеуге тырысты. 1917 жылдың тамызынан 1918 жылдың сәуіріне дейін 29 саны жарық көрген «Бірлік туы» газетіне М.Шоқай, С.Қожанов, Қ.Болғанбаевтар басшылық жасады. «Бірлік туының» бастапқы екі нөміріне - М.Шоқайұлы, мұнан кейінгі он төрт санына – Х.Болғанбайұлы, он алтыншы санына соңғы нөмірлеріне дейін – С.Қожанұлы редакторлық жасаған. 1918 жылы «Бірлік туы» газеті большевиктер тарапынан қысымға алынып, ақыры жабылады. «Ақ жол» газетінде Түкістанда орын алып отырған саяси және мәдени-ағартушылық мәселелерді

талқылауда және оның өсіп өркендеуіне С.Қожановта өз үлесін қосты. Ол Халық-Ағарту комиссары ретінде «Ақ жол» газетіне ғана емес, республикада баспасөз және бұхаралық ақпарат құралдарының дамуына ерекше көңіл бөлді.

С.Қожановтың 1923 ж. Шолпан журналының №4-5 санында жарияланған мақаласында: «...Қырғыз - қазақ халқының жалпы қара бұқарасына ең керекті ұлт мектебі. Бір мектепте оқу белгілі бір ұлттың тілімен жүргізілсе, ол мектеп сол ұлттың мектебі деп, саналады. Әзірде қырғыз – қазақ халқының ең болмағанда бастауыш мектептері ана тілінде болуы керек, һәм саны жеткілікті болуы керек. Қырғыз – қазақ еңбекшілерінің балалары тегіс әуелі ана тілі мектептерінде тәрбие алуы тиіс.... Қырғыз - қазақтың ана тіліндегі ұлт мектебі. Халық ағарту мәселесінің негізі де – бастауыш мектеп мәселесінде. Осыны ұмытпау керек. Басқа халық ағарту жұмыстары да бастауыш мектепсіз орындалмақ емес» [8, 123б.]. Бұл жерде де білім мен тәрбиенің негізі бастауышта екендігін ден қойылып, бастауышта ұлттық тілде білім беруді айтады. С.Қожанов жариялаған мақалаларының қай-қайсысы да ең алдымен күнделікті тіршіліктің талаптарына, оқу ағарту саласының дамуына байланысты сұраныс-сауалдарына жауап беруімен өзекті.

Халық ағарту комиссариаты қызметінде С.Қожанов республикада баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына ерекше көңіл бөлді. 1921-1922 жылдары Ташкент қаласында өзбек тілінде «Түркістан», қазақ тілінде «Ақ жол», орыс тілінде «Туркестанская правда» және т.б. көптеген республикалық газеттер мен өзбек тілінде «Инкилоб» түркімен тілінде «Түркімен или», қазақ тілінде «Шолпан» және т.б. айына екі рет шығатын журналдар жарияланып тұрды.

Түркістандағы кеңестік биліктің ресми газеті болған «Ақ жол» қазақ зиялыларының ағартушылық қызметін атқаруда маңызды болды. Түркістан коммунистік партиясының Орталық Комитеті Атқару бюросы халықпен жүргізетін идеологиялық жұмыстар кешенінің бірі ретінде 1920 жылы 19 қазандағы мәжілісінде «Қырғыз газеті туралы» мәселе қарап, ТКП ОК мен ТүркОАК органы ретінде «Ақ жол» газетін шығаруға; газеттің аптасына кем дегенде 2 рет жарты баспа табақ көлемінде 12 мың данамен шығаруға шешім қабылдап, жауапты редакторлыққа Сұлтанбек Қожановты, жауапты хатшылыққа Міржақып Дулатовты тағайындайды [5, 96б.].

«Ақ жол» газетінде Н.Төреқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияров, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Қ.Болғанбаев, Х.Досмұхамедов, Қ.Қожықов, Қ.Кемеңгеров, М.Әуезов, С. Өтегенов, И.Тоқтыбаев және т.б. қазақтың ұлтжанды зиялы қауым өкілдері өз мақалаларын жариялап, әдебиет пен баспасөздің түрлі жанрларына қалам тартты. Олардың мақалалары газеттің танымдық және көркемдік деңгейін жоғары көтерді [9, с. 453-454].

С.Қожановтың басшылық етуімен шыққан «Ақ жол» газетінде әйел, оқу, әдебиет және т.б. осы сияқты өзекті мәселелер турасында жалпы ұлттық мүдде тұрғысында жазылған мақалалар авторлары, негізінен, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Б.Сүлеев, Т.Шонанов, И.Тоқтыбаев, А.Байтасов, Ж.Аймауытов т.б. қазақ зиялылары болды.

С.Қожановта Халық-Ағарту комиссары ретінде «Ақ жол» газетіне ғана емес сонымен қатар республикада баспасөз және бұхаралық ақпарат құралдарының өсіп- өркендеуіне ерекше көңіл бөлді. 1924 жылдың басында республикада 46 газет және 22 журнал шығып тұрды. Сол жылдарда республикада барлығы 123 кітапхана (кітап қоры 616 000 – дана), 117 клуб, 13 театр, 18 кинотеатр, 4 музей және т.б. көпшілік мәдени орталықтар жұмыс істеді. [10, с.132]. Қандай жауапты қызметте жүрсе де, С.Қожанов ағартушылық қызметін тастамаған қайраткер еді. Оның «Қармақшы мектебі» («Ақ жол», 1921, 16 қаңтар), «Халық ағарту-оқу майданына күшті аудару керек» («Ақ жол», 1922, 21 қазан), «Соқырдың тілегені екі көзі» («Ақ жол», 1923, 27 мамыр), «Оқу жұмыстары жұртшылықтың туы, жұртшылыққа құрал болуға тиіс» («Ақ жол», 1923, 8 ақпан), «Орнықты шын жұртшылық ағарту арқылы ғана табылады» («Ақ жол», 1923, 10 ақпан), «Қазақ-қырғыздың ұлт мектебін жасауға кірісің-дер» («Ақ жол», 1923, 31 наурыз) атты мақалалары осыған дәлел. С.Қожановтың бұл мақалаларында оның ағартушылық көзқарастары әр қырынан көрініс тапқан және республикадағы ағарту ісіндегі кемшіліктер мен кейбір қателіктерді ашық көрсетілген. С.Қожановтың тұсында Халық Ағарту комиссариаты «Ағарту хабаршысы» «Коммунистік мәдениет» атты журналы мен газетін шығарған.

Түркістандағы мәдени-ағарту саласын дамыту және оқу-білім саласындағы міндеттерді шешуде қазақ зиялылары Талап қоғамын құрады. Қоғамның мақсаттары мен міндеттері көрсетілген жарғысы 1922 жылы 4 желтоқсанда Түркістан Халық ағарту комиссариатының ғылыми кеңесінде бекітілді. Жарғыда Талап қоғамының басты мақсаттары ретінде қазақ халқының әдеби тілін зерттеу, ғылыми терминология қалыптастыру, ұлт өнерін, халықтың салт-дәстүрлерін зерттеу мен насихаттау, мектептердің жұмыстарын жақсартуға көмектесу сияқты мәселелер анықталған. Сондай ақ қазақ зиялылар арасында апта сайын тұрақты түрде әртүрлі өзекті

тақырыптарды талқылаулар, дәрістер өткізілді. Мәселен, ... ауылдағы халық ағарту ісінің мәселелері бойынша С.Қожанов дәріс оқыды [5, 93б.]. Талап қоғамының ұйымдастыруымен ең алдымен қазақ мектептеріне арнап оқулықтар шығару, сол арқылы ана тілінде білім беру сапасын арттыру қарастырылды. Бұл қоғамның мүшелеріне Халық Ағарту комиссары С.Қожанов та қол ұшын беріп отырған. Ол ауыр да жауапты міндеттерін атқара жүріп, ол қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік, әдебиет тақырыптарына жазған мақалаларымен баспасөзге атсалысты, тіпті, "Есеп тану құралы" деген алғашқы советтік қазақ мектеп оқушыларына арналған оқулық та жазды [11, 132б.]. Оның «Есеп тану» туралы оқулығы да осы кезде жазылғаны белгілі, бірақ, белгісіз себептермен кейінірек 1924 жылы жарық көрді. Қоғам өзінің жұмысын 1925 жылы 21 қарашада «ұлтшыл» деген айыппен тоқтатады. Оның кітапхана қоры мен қаржылары және іс қағаздары Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордадағы Қазақстан өлкетану қоғамына тапсырылады [5,98б.].

Ұлтжанды қоғам қайраткері С. Қожанов та өз елінің өткенін, мәдениетін, әдебиетін жетік біліп, өмірін ұлтының болашағына қызмет етуге арнады. Біз қарастырып отырған ағартушылық саласы тұлға қызметінің бір қыры ғана. Сұлтанбек Қожановтың адамгершілік, іскерлік, ұйымдастырушылық, қарапайымдылық, қайраткерлік және т.б. жан-жақты азамат екендігін туралы зерттеулер жүргізілуде. Тарихшы, ғалым Х.Тұрсын: « С.Қожановтың қоғамдық-саяси қызметін ғылыми танымның игілігіне айналдыру үшін ең алдымен оның өмірі мен қызметіне қатысты материалдар мен құжаттардың және шығармаларының жинақтарын ғылыми айналымға ұсыну. Алматы, Ташкент, Мәскеу, Орынбор архивтеріндегі құжаттардың басым бөлігі ғылыми жұртшылыққа жетпей жатыр. Оның әдеби шығармаларының өзі қомақты дүние, соңына қалдырған құжаттық деректерінің арасында бүгінгі ғылыми танымның қажетіне жарайтын, ұлттың рухын көтеруге қызмет ететін дүниелер аз емес», деп көрсетеді [12]. Сұлтанбек Қожановтың өмірі мен қоғамдық қызметін жалпы қайраткерлік тұлғасын зерттеуде ғылым Х. Тұрсынның Қазақстанда ғана емес басқа республика мұрағаттарынан табылған құжаттар негізінде жарыққа шыққан көп томды еңбектерінде ұлттық тұлғаның бізге осы уақытқа дейін беймәлім болып келген қырларын тануға толық негіз бар.

Қорыта айтқанда, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Түркістан республикасында халық ағарту ісінде, ғылым және мәдениет мекемелерінің сан-салалы қызметін жүргізуде және еліміздің ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуында үлкен еңбек еткен қазақ зиялыларының бірегейі – Сұлтанбек Қожанов болды. Кеңес өкіметі орнаған Түркістан республикасының оқу ағарту саласын дамытуда С.Қожанов аз уақыт ішінде өте үлкен жұмыс атқарды. Сол жылдары халыққа білім берудің барлық жүйесін түбегейлі қайта ұйымдастыру, мектептерді оқытушы кадрлармен қамтамасыз ету, мектептер мен басқа да балалар мекемелерінің материалдық базасын нығайту бойынша қиын жұмыстарды жүзеге асырылды. Кеңес мектебін құру жолында үлкен кедергілер кездесті, жекелеген қателіктер мен кемшіліктерге жол берілгеніне қарамастан Халық ағарту комиссариаты қызметінде С.Қожанов елді сауаттандыру жұмысы бойынша көп жұмыстар жүргізіп, белгілі бәр нәтижеге жете білді. Оның халық ағарту комиссариатындағы қызметін жергілікті партия басшылығы да елеп, жоғары бағалағаны белгілі. С. Қожанов азаматтықтың, халыққа қызмет етудің асқан үлгісін көрсетіп, елінің есінде қаларлық талай-талай тарихи жұмыстардың басы-қасында жүрді. Жаңадан құрылған мемлекеттің шеғарасын межелеп, ел экономикасын өркендету, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтап, ұлттық дәстүрлерін, әдебиеті мен мәдениетін дамыта түсу жолында қыруар жұмыстар атқарды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қозғамбаева Г.Б., Егизбаева М.К. Түркістан автономиялы кеңестік республикасында сауатсыздықты жою жолындағы күрес пен білім беру ісі тарихынан. // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы, - 2016. - № 4. - С. 128-132.
2. Қожакеев Т. Көк сеңгірлер. Алматы: қазақ университеті, 1992. – 272 бет.
3. Қожанова З., Жармұхамедұлы М. Алаш арысы: - Алматы:ҚАЗАқпарат, -2011.- 320 бет.
4. Бюллетени и постановления XI Всетуркестанского съезда Советов от 2 по 6 декабря 1922 г. – Ташкент, 1922. - № 4. - С. 1-105.
5. Рашева Г.У. Түркістан Кеңестік Автономиялық Республикасында қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі (1918-1925жж) тар.ғыл.канд....дисс.– Алматы , - 2010. -142 бет.
6. Симтиков Қ. Сұлтанбек Қожановтың қоғамдық саяси және мемлекеттік қызметі. (Түркістан кезеңі 1916 -1924 жж.) Алматы 1997.- 194 б.

7. Шілдебай С.Қ. Түрікіилдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – Алматы: Ғылым, 2002. – 214 б.
8. Қожанұлы С. Шығармалары. - Алматы: «Арыс» баспасы, - 2009. – 352 бет.
9. Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1917 годы). – М.: Академия педагогических наук РСФСР, 1962. – 602 с.
10. Вахабов М. Формирование узбекской социалистической нации. Ташкент 1961,с.-367.
11. Бейбіт Қойшыбаев:Түнектен оралған есімдер:тұлға және тарих. Алматы: «РухБГ» баспасы, 2016. -240б.
12. Х.Тұрсын Сұлтанбек Қожанов – советтік билік жағдайында алаштық идеяны жалғастырушы.16.11.2019.<https://e-history.kz/kz/publications/view/1614>